ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасының өндірістік кеңес

№1 хаттамасы

04.09.2025ж Қатысқандар: 12

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылында жұмысқа келген қызметкерлерді ұжымға таныстыру және олардың қызметтік міндеттерін түсіндіру.
2. Балалардың тамақтануын ұйымдастыру барысын қарастыру.
3. Ұйымның ішкі мәселелерін талқылау.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова жиналысты ашып, қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Ол мектепке дейінгі ұйымдағы ішкі еңбек тәртібі, қызметкерлерге қойылатын талаптар және жұмыс үдерісінің негізгі бағыттары туралы қысқаша ақпарат берді.

Келесі мәселе бойынша медбике Ж.Тұтқабай сөз алып, балаларға арналған рационның жаңартылғанын, күз мезгіліне тән тағамдар енгізілгенін және мәзірдің айлық және апталық жоспарлары дайындалғанын хабарлады. Аспазшы да өз тарапынан қажетті өнімдердің уақтылы жеткізілуі жөнінде мәлімет берді.

Қаулы қабылданды:

1. Қызметкерлерге ішкі тәртіпке қатысты нұсқаулықтар таныстырылсын.

2. Балаларды тамақтандыру үдерісі санитарлық нормаларға сәйкес жүргізілсін.

Төрайымы: Н.Тилеумбетова

Хатшысы: Н.Алқабек

ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасының өндірістік кеңес

№2 хаттамасы

05.12.2025ж Қатысқандар: 12

Күн тәртібі:

1. Жаңа жылдық іс-шараларға дайындықты ұйымдастыру.
2. Өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылау.
3. Қызылша ауруының алдын алу шараларын жүргізу.

Тыңдалды:

Меңгеруші Н.Тилеумбетова жиналыс күн тәртібін таныстырып, мерекелік шараларды дайындау барысында балалардың қауіпсіздігі басты назарда болуы керектігін атап өтті. Жауапты қызметкерлерге нақты міндеттер жүктелді.

Шаруашылық меңгерушісі М.Мусалин өрт қауіпсіздігі бойынша тексерулер жүргізілгенін, өртке қарсы құралдардың жарамдылығы қаралғанын және барлық қызметкерлерге қысқаша нұсқаулық берілгенін баяндады.

Медбике Ж.Тұтқабай қызылшаға қарсы профилактикалық жұмыстардың жүргізіліп жатқанын, балалардың екпе алу көрсеткіші бақылауда екенін жеткізді.

Қаулы қабылданды:

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық жүргізу бойынша жауапты тұлға бекітілсін.
2. Өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы тұрақты бақылауда болсын.
3. Балалардың қызылшаға қарсы екпемен толық қамтылуы қамтамасыз етілсін.

Төрайымы: Н.Тилеумбетова

Хатшысы: Н.Алқабек